

Key words: Narrative ideation, national spirit, national consciousness, concept, translation, integration, imagery.

REFERENCES

- 1 Sutanov S. XX ғасырдың алғашқы шірегіндегі қазақ және түркі халықтары әдебиетінің типологиялық сипаты [Typological nature of the literature of the Kazakh and Turkic peoples in the first quarter of the 20th century]. (2006)
- 2 Khuatbekuly E. Narrative and discourse in the works of N.A. Nazarbayev. ...dissertation of Doctor of Philosophy (PhD). (2017)
- 3 Scibior A. «What is it, your narratology?» Interview with Valery tyupa. Przegląd Rusycystyczny, (2020). <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0> DOI: 10.31261/pr.7833
- 4 Kulbarak S. National spirit and poetry: Research, reflection. (2016).
- 5 Auez M. Kazakh literature. (2021) The eternal breath is the breath of God.
- 6 Kabdolov Z. The Art of Words. (1992)
- 7 Suleimenov O. Collection of essays in 7 volumes. Comp. and introduction. Art. Safar Abdullah. [Text] (2004)
- 8 Suleimenov O.O. Collected essays Volume 1. Poems. (2004)
- 9 Harsha Ram. Imagining Eurasia: The Poetics and Ideology of Olzhas Suleimenov's AziIA (2001)– Cambridge University Press.
- 10 10.Gonşarenko S. F. Poetişeskii perevod i perevod poezii: konstanty i variativnost Tetradi perevodşika. [Poetic translation and translation of poetry: constants and variability Translator's Notebook.] 1999)
- 11 Naomi Beth Chaffee. A dissertation submitted in partial satisfaction of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy in Slavic Languages and Literatures – Los Angeles: University of California (2013)

Received: 10.06.2024

MFTAP 178230

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp100-113](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp100-113)

Г.Ж. Абылкасов¹, Х.Ю. Миннегулов²

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

²Қазан Федералды университеті, Қазан, 420008, Ресей Федерациясы, Татарстан Республикасы

КӨКШЕТАУ ТАТАРЛАРЫ ТАРИХЫ (ҚАЗАҚ-ТАТАР ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ)

Мақалада қазақ және татар халықтарының әдеби, мәдени байланыстарының тарихы бірнеше ғасырға ұластындығы жайындағы мәліметтерге сүйене отырып баяндалған ақпараттар берілген. Қазақ-татар байланыстары туралы, татар халқының қазақ жеріне келу себептері мен қоныс аударуы сияқты тарихи кезеңдерге тоқталып өтіп, қазақ қоғамына тигізген оң ықпалы туралы айтып өтілді. Мақала тарихи және мәдени аспектілерде алып қарастырғанда, татар ұлты өкілдерінің қазақ арасындағы мәдениет пен білімге тигізген ықпалы жайында қарастыру қажет деп табылды. Татар оқығандары мен зиялы қауымының қазақ қоғамындағы орны туралы арнайы қарастырудың негіздемесі қалай пайда болды? Бұл сұрақ жөнінде айтарымыз мынау: XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Патшалық Ресейдің Қазақстанға ықпалы күшейе түсті. Осыған орай, түрлі факторлардың әсерінен татарлардың қазақ жеріне миграциясы күшейді. Сондай-ақ діні,

тілі, шығу тегі бір болған себепті қазақ пен татар ұлты адамдары арасында байланыс деңгейі орыстармен салыстырғанда арта түсті. Осыған байланысты, қазақ қоғамы ішінде туындаған мәселелерді шешуде татардың көрнекті тұлғаларының беделі жоғары болды. Мақаланың кіріспе бөлігінде осы және басқа мәселелер қарастырылды. Атап айтқанда, татарлардың түркі тілдес қазақ жерінің солтүстік аумағына қоныстануы мен олардың қазақ қоғамындағы, мұсылман әлеміндегі орны қарастырылды.

Мақаланың негізгі бөлімінде қазақ ақындарымен қатар қазақ қоғамында өзінің өнегелі ісімен есте қалған татар зиялыларының әдеби, тарихи бейнесі туралы пікірлер айтылды, мәліметтер мен фактілер негізінде тұжырымдар жасалды.

Мақаланың қорытынды бөлімінде қазақ әдебиеті, мәдениеті тарихына қосқан зор үлесі үшін ұлтымыздың ардақты тұлғаларына айналған татар жазушылары мен зиялы қауым өкілдерінің еңбектерін, жарқын тұлғасын ұмытпай, жадымызда жаңғыртып отыру керек екендігі туралы тұжырымдалған.

Кілт сөздер: татар-қазақ байланыстары, әдебиет және өнер, тілмаш, іс жүргізу, татар зиялылары, тағдырлас халық, қоныстану.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Біржарым ғасырдан артық тарихы бар Ақмола облысы осы уақыт аралығында бірнеше рет шекаралық өзгерістерге түсті. Бұл мақалада қазіргі кездегі Ақмола (Көкшетау өлкесінде) облысы аумағына татар диаспорасының қоныс аударуы мен өмір тарихы жайында баяндалады. Аталған деректер Көкшетау өлкесінің татарлар тарихы жайлы деректер жазған белгілі тарихшы Қ.Қ.Әбуев, жазушы И.Н.Салахов, журналист Р.Х.Ақбердин, З.А..Махмутовтардың еңбектерінен мәліметтер келтірілді.

«Ғасырлар бойы халық жадында түркі халықтарының ортақ түп-тамырлары туралы аңыз-әңгімелер сақталған. Тарихи жағдай күрт өзгерген кезде қандай да бір халықтың белгілі бір бөлігі қолдау іздеп, өзіне туыстас басқа халықты паналаған. Дегенмен, XVI ғасырға дейін бұндай қозғалыс әрдайым басым бағыт болып табылмаған. Алайда, барған сайын күшейе түскен орыс князьдықтарының экспансиясы қозғалыстың бағытын нақты айқындаған болатын – батыстан шығысқа және оңтүстік шығысқа қарай. Мысалы, татарлардың Волга бойынан Оралға, Сібірге, Қазақстан мен Орта Азияға қоныс аударуының алғашқы ірі толқыны XVI ғасырдың екінші жартысында басталған еді. Орыс князьдықтарының жеңгендерінің шектен шыққан қантөгісі мен тонауы татар халқының кезекті көтерілісін басып-жаншу кезінде, кең байтақ Қазақстан жеріне қарай татар босқындарының үлкенді-кішілі, жаңа толқындарының қайта-қайта туындауына негіз болды. Осы жерде қазақ сұлтандары мен билерінің қашқын татарларды (болғар-татарларды) патша өкіметіне ұстап бермегенін айта кету керек. Әдетте қашқын туралы жіберген сұратуға төмендегідей жауап берілетін: «Қашқын татар болмаған, болған да емес және қазіргі кезде қайда екені мүлде белгісіз», – деп көрсетеді Р.Әбсаттаров [1, 132].

Тарихи деректерге сүйенсек мұндай жауаптардың кейбірін қазақ сұлтандарының айтуымен, солардың қасында отырған сол қашқын татарлардың өздері жазған екен. Жоғарыда келтірілген басты себептен өзге, татарлардың қазақ жеріне қоныс аударуының себептері әртүрлі тарихи жағдайлардан туындап отырған. Татар халқы өкілдерінің еліміздің солтүстік аймағына, соның ішінде Көкшетау өлкесіне қоныс аударуына басты себеп – отарлау саясатының күшеюі болды. XIX ғасырдың екінші жартысында бұрынғы еркін өмірлі Қазақ хандығын құлатып, қазақ даласында Патшалық Ресейдің бұрынғы билік жүйесін мүлде тоқтатып, Үш жүздік құрылымды жойып, оның ішінде Абылай ханның ұрпағы Уәли ханға қараған Орта жүзді де ішінен сегіз бөлікке бөлген болатын. Бұдан соң бұл бөлшектеуді де одан әрмен жалғастырып, шеткі аймақтық уездерге бекіністер салынып, сол жерлерге ерікті жалдамалы әскери құрылым казак-орыстарды көптеп қоныстандыра бастаған кезеңі еді.

Осы тұста ата қонысы Еділ бойынан алдыңғы лекте келген татар ұлты өкілдері Көкшетау өңіріне біртіндеп келе бастады. Олар өз елінен сол кезеңде Ресей билігі тарапынан орын алған

заңсыздықтардан зардап шегу себепті, міндетті әскери қызметке, солдатқа алудан қашу, түрлі себептермен атақоныс жерінен айырылу сияқты қиындықтарды бастан өткеріп, бас сауғалай қашып қазақ жеріне қоныстана бастаған еді.

Әскерге татарларды ала бастауы 1790 жылдан басталады. Осы жылдан тептяр татарлары казак әскерінің қатарына шақырылып, сонда он бес жыл қызмет етуге міндеттелген. Сонымен қатар оларға ақшалай және мүліктей алым-салықтар салынып отырған. Ал ұлт өркениетінің бастауында ұлы тұлға Абай десек: «Барлық халықтың өркениет тарихында жарқын із қалдырған ұлы тұлғалар өткен. Ұлттың ұлы тұлғаларының артына қалдырған мирасы қоғамның ортақ құндылықтарын құрайды. Қазақ тарихы мен мәдениетінің кешегісін бүгінгімен жалғаған көпір, болашағын құнды мұрасымен сәулелендірген жарық жұлдыздың бірі және бірегейі – ойшыл, ғұлама, ақын Абай Құнанбайұлы» [2, 69]. Татарлардың әскер қызметін атқаруы мен өзге де өмір сүру салты туралы Абайдың екінші қарасөзінде айтатыны бар: «Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда» [3, 87]. Абай осылай қорытынды берген татар халқының өкілдері солдатқа шыдағанымен, Ресейдің өзге өңірлерінен келіп, ғасырлар бойғы игерген жерлерін алып қойып, тақырға отырғызуына төзбеген көптеген отбасылар еріксіз шығысты бетке алатын болған.

КІРІСПЕ

Бұл зерттеуде елдің солтүстік өлкесіне көптеп қоныс тепкен татар халқы өкілдерінің қазан төңкерісіне дейінгі кезеңі, сол сияқты кеңес өкіметі дәуірі кезеңіндегі тарихы, олар жайлы жазылған публицистикалық және көркем әдеби, тарихи шығармаларда берілген деректер негізіндегі материалдар қарастырылды. Сонымен қатар Көкшетау өлкесі халық ақындары шығармалары мен татар зиялыларының шығармалары мен оларды зерттеген ғалым, жазушылар, жергілікті тарихшылар мен татар халқының тарихы қызықтырған ізденушілердің еңбектерінен деректер келтіріліп, салыстырып, салғастырылды.

Бұл кезде қазақ өлкесінің шұрайлы деген жерлері қарашекпендер мен сол кезде Ащылы өзек бойымен жүздеген шақырымға созылған әскери шеп құрушы казак-орыстардың қарамағына өткен болатын. 1841 жылдары Көкшетау өлкесінің ең шұрайлы пұшпағы Имантау көлі маңына алғашқы мордва, украин переселендері келіп қоныстана бастайды. Жоғарыда атап өткеніміздей, Патшалық Ресейдің озбыр билігі тарапынан қысымшылыққа тап болған Еділ-Кама татарлары да алыс өлкеден ат арытып осында жетеді. Мұнда алғашқылардың бірі болып Сәлімжанұлы Ғұбайдулла деген татар азаматы 900 шақырым жолды артқа тастап Қызылжар қаласына жетеді. Бұл қалада біраз аялдағаннан кейін Көкшетауға келген. Көкшетау арқылы Имантау жеріне келіп, аталған аймақтың табиғатына, Имантау мен Шалқардай көлі, таулары, ағып жатқан өзендеріне қызыққан ол осы жерде тұрақтап қалуға шешім қабылдап, Имантаудың жағасына келіп тұрақтаған. Сонымен бірге бұл өлкеге татарлардың көптеп келуге қызығуындағы тағы бір себеп: жергілікті халықтың қонақжайлығы мен ақжарқындығы да үлкен себеп болса керек. Қолжазба деректерінде келтірілгеніндей сол кездегі қазақ ауылдарына келген кез-келген «ноғайды» (қазақтар татарларды осылай атаған) молда ретінде қабылдаған [4].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы татар зиялыларының, соның ішінде ақын-жазушыларының қазақ мәдениеті тарихындағы орны туралы жазылған еңбектері, зерттеу талдау мен жинақтау, хронологиялық, кешенді, жеке талдау әдістері негізге алынды. Тарихшылар Қ.Әбуевтің «Науан Хазірет» (2014), З.Махмұтовтың «История татар Кокшетау и Акмолинской области» (2019), Л.Мингазованың «Ибрагим Салахов» атты монографиялық еңбектерін басшылыққа алдық. Сонымен қатар жергілікті ізденуші Ф.В.Богаповтың татар

халқы жайлы жазылған қолжазбалары мен «Әдебиет және өнер» музей-үйінің қорында табылған құжат пайдаланылды. Қазақ-татар әдебиеті байланысын зерттеуші Б.Кенжебаев, Д.Хамзебекұлы, С.Сүтжан сияқты ғалымдардың сүбелі ой-пікірлері топтастырылды. Ғалымдардың еліміздің солтүстік аумағына танымал татар жазушысы И.Салаховтың шығармаларына берген бағасы талданып, зерделенді. Сондай-ақ, жергілікті қазақ арасынан шыққан халық ақындары шығармашылығымен ұқсастықтары туралы қарастырылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ әдебиетінің даму жолын біз жоғарда атап өткен татар әдебиеті кезеңдерімен салыстыратын болсақ, әрбір кезеңдер бойынша жағдайлар өте ұқсас екендігіне көз жеткізе аламыз. Қазіргі күні қазақ әдебиеті өзінің даму деңгейімен де, тұтынушылық ауқымымен де біршама жоғары екендігін де атап өткеніміз жөн. Қазақ және татар әдебиетінің өзара байланысын рухаи жаңғыру аясында жаңа деңгейде қарастырып зерттеу арқылы екі ұлттың бауырлас әдебиеттерін барынша жақындата түсетініміз анық.

Қазақтың кең даласы, оның ішінде Есіл-Көкше өңірі кейінгі үш ғасыр жүзінде түрлі тағдыр жолымен келіп мекендеген көптеген ұлттардың құтты қонысына айналды. Солардың қатарында татар халқы да болды. Түбі бір түркі, тарихы тамырлас, тағдыры ұқсас болғандықтан, татарлар қазақ даласына басына қиындық түскен замандарда ертеден-ақ, бірлі-жарымдап, бірнеше отбасы немесе тұтас әулет болып келіп мекендей бастаған. Қазақ даласына келген татарлар туралы мәліметтер ресейлік және отандық басылымдарда көптеп кездеседі. «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы аралығында Ресейдің орталық губернияларында жалпы өнеркәсіптің өркендеуіне қарамастан, егістік жерлер мен жайылымдардың жетіспеушілігі пайда болуы, әрі егіншілікпен шұғылданушылардың табиғаттың болжаусыз райына тәуелділігі, өлкедегі әкімшілік бақылаудың әлсіздігі сияқты себептерден халықтың оның ішінде татарлардың Қазақстанға қоныс аударуы жалғаса түсті. Татарлардың қазақ даласына миграциялық жөңкілуі орталық губерниялардың, әсіресе ондағы шаруалардың жаппай қоныс аударуы аясында жүрілді. Қазақ даласына 1861-1880 жылдар арасында қоныстану тыйым салынғанына қарамастан, 1880-1906 жылдар арасында қарқын ала түсті, 1906 жылы Столыпиннің аграрлық реформасынан кейін бұл жұмысты үкімет жүйелі түрде жолға қойып, ұйымдастыра бастаған еді» [5, 240].

Қазақ жері бұл кезде Ресей империясының бодандығына толықтай ұшырап, рухани отарлауға кіріскен кезеңі еді. Сондықтан да қазақ арасына орысша-қазақша оқытатын түземдік мектептер ашылып, оқыта бастаған болатын. Мұның өзі ұлтты отарлаудың бір тармағы ретінде қарастырылды. Ал қазақ даласына көшіп келген татарлар болса, олар дәстүрлі медреселік оқыту жүйесін мұнда да жалғастыруға күш салды. Сондай-ақ татардың арабша, кирилше хат танитын, орыс тілінен де хабары бар адамдары қазақ арасында бала оқытып, елге қызмет ете бастады. Оқыған татарлар орыс империясының жаңадан жаулаған жерлеріне билік жүргізуіне үлкен ықпалын тигізді, бұл істе татар молдаларының ролі күшті болды. Ислам әлемі мықтап дарыған өзге өзбек, татар халықтарынан жырақ елдің солтүстігінде орналасқан қазақтар арасында ислам дінін таратудан басқа сот ісін жүргізу мен басқа да дау ісін шешуде молдалардың беделі жоғары болды. Себебі ол кездегі іс жүргізу тілі орыс, татар тілдерінде жүргізілетін. Бұл жайында өзінің зерттеуінде З.Махмутов: «После открытия в 1824 году Кокчетавского округа татарские полномоченные объезжали волости с разъяснениями местному населению прокламаций и выписок из закона сибирских киргизов. Они также исполняли функции муллы. Мусульманские священнослужители должны были заниматься не только исполнением религиозных обрядов, но и вести образовательную деятельность среди местного населения. Довольно часто они выступали в роли арбитров в разрешении споров между казахскими родами, а также между русскими и казахским населением. Таким образом, муллы некоторое время фактически являлись представителями царской администрации в степи. Татарский же язык наравне с русским являлся языком делопроизводства» [4, 20]. Осылайша, қазақ пен татар халықтары арасында аәлеуметтік байланыстар, өзара қарым-

қатынастар қарқын ала бастады. Екі халық бірін бірі жақыннан жақсы танып, тұрмыс-тіршіліктерін үйлестіріп, арман-мақсаттарын жақындастырып, етене бола түсті. Осының нәтижесінде бұрыннан, сонау ежелгі дәуірден бергі ортақ мұралары бар фольклордағы, орта ғасырлардағы авторлық туындылардағы екі халықтың туыстығының дәлелі ретінде көрініс тапқан әдебиет әлеміндегі үндестік бұрынғыдан да дами түсті.

Осы ретте, татарлардың қазақ даласына келу себептері жайындағы мынадай бір мәліметті келтіре кетейік: «Ғасырлар бойы халық жадында түркі халықтарының ортақ түп-тамырлары туралы аңыз-әңгімелер сақталған. Тарихи жағдай күрт өзгерген кезде қандай да бір халықтың белгілі бір бөлігі қолдау іздеп, өзіне туыстас басқа халықты паналаған. Дегенмен, XVI ғасырға дейін бұндай қозғалыс әрдайым басым бағыт болып табылмаған. Алайда, барған сайын күшейе түскен орыс князьдықтарының экспансиясы қозғалыстың бағытын нақты айқындаған болатын – батыстан шығысқа және оңтүстік шығысқа қарай. Мысалы, татарлардың Волга бойынан Оралға, Сібірге, Қазақстан мен Орта Азияға қоныс аударуының алғашқы ірі толқыны XVI ғасырдың екінші жартысында басталған еді. Орыс князьдықтарының жеңгендерінің шектен шыққан қантөгісі мен тонауы татар халқының кезекті көтерілісін басып-жаншу кезінде, кең байтақ Қазақстан жеріне қарай татар босқындарының үлкенді-кішілі, жаңа толқындарының қайта-қайта туындауына негіз болды. Осы жерде қазақ сұлтандары мен билерінің қашқын татарларды (болғар-татарларды) патша өкіметіне ұстап бермегенін айта кету керек. Әдетте қашқын туралы жіберген сұратуға төмендегідей жауап берілетіндігі алдыңғы мәліметтерде келтірілген болатын, яғни қашқын татарлардың жоқ екендігі жайлы ресми хаттармен жауап беретін болған.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақ даласына татар переселендері келуімен бірге қазақ өлкелерінде көптеп мешіттер мен бала оқытатын медреселер салына бастаған. Имантау жеріне алғашқы татарлардың қоныстана бастауы 1849-51 жылдар аралығында басталған және мұнда да алғашқы білім беру орындары осы кезеңде пайда болды. Одан кейінгі уақытта келген татар шаруалары әртүрлі себептермен толығып отырған. Оған татарларды әскерге тарту, алым-салықтың көбеюі, бөлінетін жер телімдерінің тым қысқарып кетуі сияқты себептер әсер еткен. Бір ауыл татарлардың қазақ жеріне қоныс аударуына оларды казак әскері қатарына тартылуы себеп болғандығын сол халықтың бүгінгі ұрпақтары куәландырады. Қазіргі Саратов губерниясының Аявыл ауылынан осындай тізімге леккен татар отбасыларын туған жерлерінен күштеп қуып шыққан. Алыс жол мен көптеген қиындықтардың салдарынан, бірге жолға елуге тарта отбасының он екісі ғана Имантауға жеткен.

Чыгып кына карагыз манарага,
Сукалаган жирдан кара юк,
Ай-хай без китэбез казаклыкка
Алла язган эшке чара юк [6, 13].

Шыгып қана қараңыз мұнараға,
Соқалаған жерде қара жоқ,
Ай-хай біз кетерміз казактыққа,
Алла жазған іске шара жоқ [6, 13], –

деп туған жерлерімен қош айтысады (өкінішке орай бұл өлең жолдарының авторы белгісіз).

Арада жылдар өте келе татарлар жергілікті халықпен етене араласа бастайды. Бұған әрине жергілікті қазақтар мен татарлардың ежелден түбі бір түркі тектес болуы, тілдерінің ұқсас, бір дінді ұстануы, сол сияқты тұрмыстағы салт-дәстүрдің ұқсауы көп септігін тигізеді. Қоныс аударған татарларға қиындықтарды жеңуіне жергілікті қазақтардың қол ұшын беріп көмектесуі олардың осы жерге сіңісіп кетуінің алғы шарты болғаны сөзсіз. Олардың кейбірі орыс-казактарға, сол сияқты қазақ байларына жалданып күн көрсе, пысықтау келгені қазақ ауылдарын аралап «молдалық» құрады. Көшпелі қазақ арасында сол кездері оқыған

қарилардан гөрі дүмше молдалардың көп болғаны анық еді. Мұндай кездері қазақ ауылдарын әртүрлі діни мейрамдар мен жаназа кезінде аралаған «ноғай молда» әрқашан олжалы оралатын. Уақыт өте келе Имантау жеріне сіңіскен татарлар арасында таптық жіктеліс басталады, яғни бай татарлар мен кедейлер өзара екіге бөлінеді. Оған қатысты мынадай мысал келтіруге болады. Кез келген уақытта заманның, тұрмыстың қиындығына қарамастан халық арасынан шыққан айтқырлар шындықты бетке айтып сараңның сараңдығын ел арасына таратып жіберіп отырған. Сол уақыттағы Имантау станицасындағы татарлар арасында Ямнихан атты ауқатты шаруа егін жинау науқанына өз ауылдастарын жинайды. Үйінде он бестен аса сауын сиыры, егістік жері бар Ямниханның келіні Сахип-әңкей асарға келген жігіттерге асқан ботқаға сары майдың орнына қатық құйып береді. Бұған риза болмаған жігіттердің бірі бір шумақ өлең шығарып ауыл арасына таратып жібереді (мұндай шығарылған өлеңдердің авторы көбіне Закир Сәбитов деген жас жігіт болған).

Ямниханын байлығын,
Ун биш сыер савадыр,
Буткасында маеда юк,
Сахип арян саладыр.
Ямниханның байлығы-ай,
Он бес сиыр сауады,
Ботқасында майы да жоқ,
Сақып айран құяды [6, 19].

Ауылдастарынан өз тарапына айтылған ащы әжуа өлеңнен ұялған Ямнихан үйдегілерге қайтадан тамақ жасатып, ауылдастарынан кешірім сұрап өлең әрі қарай тарап кетпесін деп өтініш білдірген екен.

Біз бұл жерде қазақ және татар халқындағы жергілікті ақындардың белгілі бір оқиғаға қатысты тапқырлықпен жауап қатуы, олардың өзара тақырыптық, мамзұндық ұқсастығы турасындағы мәселеге баса мән береміз. Мұндай келеңсіздікке тап болған кез келген адам бір шумақ өлеңмен кемшілікті бетке басып айту – қазақ пен татар халқының екеуіне де тән. Жалпы суырыпсалмалық түркі тілдес халықтар арасында кеңінен таралған өнер түрі, жанынан суырып салу арқылы өлең шығару негізінен айтыс өнеріне тән құбылыс. Көкшетаулық халық ақындарының да сараң байларға қаратыла шығарылған әжуа өлеңдері жиі кездесіп тұрады. Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ сынды дүлдүлдердің ізін басқан халық ақындары шығармаларынан да осы сияқты өткір сықақ, мысқылға құрылған өлең түрлері баршылық. Кезінде Ақан серідей сырбазбен үзеңгілес жолдас болған, сері әндерін нақышына келтіре орындап көпшіліктен бағасын алған әнші Сұлтанмұрат Құдасұлының баласы Әміре Сұлтанмұратұлының өз өмірі жайлы естелігінде былай дейді: «Кекірейген төрелер, болыс-билер, қайырсыз жан – байлармен қас болып өлең шығардым. Шыңғыс төренің үлкен баласы Жақып төренікіне келіп аттан түсіп есігіне барсам, тал түсте ішінен кілт салып қойыпты. Төре үйінде отыр деп жұмыскерден естіген соң есіктің қарағай тақтайына қарындашымды ала салып, былай деп жаздым:

Бәзілде тәккаппарлық толғаныма,
Ақын боп қартайып солғаны ма.
Тал түсте есігіне кілт салады,
Рәсімі шүршіт-қалмақ болғаны ма?» [7, 27], –

деп төренің шыққан тегін бетіне басады. Әміре Сұлтанмұратұлының осы мазмұндас тағы бір өлеңі Жантоп төренің баласы Мәкен төренің сараңдығын әшкерелеп жазған мына бір өлеңі:

Түсе гөр бесенесі бестен деймін,
Сараңдығың кетпейді естен деймін.
Есеп қылып салғандай бауырсақты,
Басыңнан не жамандық өткен деймін.
Алда-белде жан алсаң да ас іш, кешірім жоқ,
Ертелі күн батқалы кештен деймін [7, 30], –

деп қасиетті ережеп айының ауызашар кезінде сараңдық танытқан төрені имандылыққа шақырып, ұятқа батырады. Бұл арада әрине сол кездегі орын алған тап тартысымен бірге барымен бөлісе алмаған сараңдық жайлы қай халық та болсын өз бағасын ашып көрсетер мысалдар.

Арқаның атақты салы Біржан салға қатысты бір осындай оқиға ел жадында қалған. Біржан сал өлең айтып, салдық құрып, Көкшетаудың елін аралап, жолаушылап келе жатқан кезі екен. Күн ыстық, әбден таңдайы кеуіп шөлдеген соң, жолда тұрған бір қоңырқай үйге келіп түседі. Сал өзінің бойындағы тәкаппар мінезбен үй сыртына жақындап келіп: «Кім бар-ау?», – деп айқайлап дыбыс берген екен. Іштен жұпынылау киінген бойжеткен қыз шығып сәлем береді. Сонда Біржан сал шөлдегенін айтып, кіруге рұқсат сұрайды. Бойжеткен сонда «Үйге кіріңіздер», – деп ықылас білдіріпті.

Ішкі жағы жұтаңдау, кедейдің қараша үйдің төріне шығып, Біржан сал салған сырмаққа тізе бүгеді. Қыз сол кезде босағада тұрған күбі піспегін бірер толғап піседі де, кетік ағаш тостағанға ашымал көже құйып ұсынады. Біржан сал қыз ұсынған тостағанды қолына алып қараса, құйып бергені быжылдап тұрған қатықсыз қара көже екен. Осы кезде қыздың берген сусынын менсінбей, ерінін де тигізбестен аяқты өзіне қайта ұсыныпты. Ал қыз болса тостағанды алудың орнына былай деп өлеңдетеді:

Жақсының жейтін асы – жая мен жал,
Шығады нақ қырсықтан осындай сал.
Дәмнен үлкен дүниеде ешнәрсе жоқ,
Көжеге кекіреймей ерніңді мал! [8]

Қыздың бұл тауып айтқан сөзіне тосылып, өзінің тәкаппарлық, кінәмшілдік қылығынан ұялып қалған Біржан сал сонда:

Жетеді тоқсан жасқа ердің ері,
Атандық ақындықпен «Біржан сері».
Қарындас айтқан сөзің өтіп кетті,
Көжеңді баса құйып әкел бері! [8], –

деп, қызға үстемелей толтыра құйғызған тостағандағы көжені дем алмастан басына бір-ақ көтерген екен дейді. Міне, қазақтың кез келген естияр ұл-қызы қандай жағдайда да болсын, қиыннан қиыстырып, сөз тауып, кімге болса да, сөз есесін жібермеуді мақсұт тұтқанын осы жағдайдан анық көреміз. Еуразия түркілерінің әдеби-мәдени қатынастарының тарихында Ақмолла Мұхаммедиярұлы шығармашылығы маңызды орын алады. Ақмолланың көзі тірісінде бір-ақ кітабы жарық көрген. Ақынның «Маржани мәрсиясы» деп аталған бұл шығармасы 1892 жылы Қазан университетінің баспаханасында жарық көргенін білеміз. Бұл – Ақмолланың ақындық даңқын алысқа жеткізген алғашқы жинағы. Ал Ақмолла ақынның үш ұлтқа ортақ ақын екендігін алдыңғы жазылған мақалаларда нақты деректер арқылы жазып көрсеткенбіз. Қазақтар мен татарлардың ұлттық тарихы, тілі мен діні ғана емес, мәдениеті мен әдебиеті де ежелден тамырлас әрі тағдырлас екендігі туралы көптеген зерттеу еңбектерінде айтылып, жазылған. Осыған орай қазақ, татар ақындарының шығармашылық туындылары солтүстік аумақтағы ақындарға да өз әсерін тигізгені байқалады.

«Татар әдебиетін мазмұндық, формалық тұрғыда жаңа сатыға көтерген. Ғабдолла Тоқай шығармашылығы барша түркі халықтары қаламгерлеріне, соның ішінде қазақ ақын-жазушыларына үлкен әсер етті. Бұл кезде татар әдебиеті зор биікке көтеріліп, Еуропалық білім-ғылым жүйесімен үндесуі – орта ғасырлық білім жүйесіндегі өзге түркі халықтарына барынша үлгі-өнеге болғаны анық. Сол себептен де, ХХ ғасырдың басы татар мәдениеті мен әдебиетінің түркі әлеміндегі авангардтық сипатта болғаны белгілі. Сондықтан қазақтың жас ақындары мен өзге де білім-ғылым қуған зиялылары татардың әдебиетінен, мәдениетінен, ғылым-білімінен үйренді, оларды үлгі тұтты. Бұл турасында қазақ әдебиетінің ірі өкілдері әр кезеңде лайықты бағасын берген болатын. Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ақын, жазушы, академик ғалым Сәбит Мұқанов былай деген екен: «Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Ибраһимов, Мәжит Ғафури, Ғалиасқар Камал, Фатиз Әмірхан, Ғафур Құлахметов

сияқты үлкен жазушылар идея және көркемдік шеберлік жағынан қазақ ақын-жазушыларының бүкіл бір буынына әсерін тигізді» [2, 75], [9, 13].

Қазақ халқымен Имантау өңірінде тағдыры тамырласқан татарлар небір тарихи оқиғаларды бастан кешіре отырып талай-талай дүрбелең саясаттың шылауымен жүруге мәжбүр болады. XX ғасырдың басында Көкшетау жеріне де ақ пен қызылдың дүрбелеңі келеді. Қиын кезеңде бір үйдің баласындай болып келген Имантау жеріндегі татарлар да жаңа үкімет пен ескі үкімет арасындағы тартысқа қатысып, кейіннен тарихта есімдері қалған революционерлер Усман Абдрашитов, ағайынды Кәрім, Хамит, Мәжит, Ғазиз Сутюшевтер сол сияқты белгілі қазақ-татар жазушысы Сабыр Шәріпов есімі осы кезден бастап белгілі бола бастайды. Тарихтан белгілі С.Шарипов Қазан төңкерісі кезінде Көкшетау, Қызылжар өңірінде кеңес өкіметінің өкілі ретінде қызмет ету барысында жергілікті халықпен етене байланысып, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді білу нәтижесінде бірнеше туындыларын жазған. Кейінде бұл туындылар қазақ қоғамы арасында кеңінен танымал болып, әдебиетке жаңа леп әкелушілер қатарына енді. Себебі бұған дейінгі жазылған әдеби шығармалар легі көбіне көп шығыс әдеби бағытында жазылған болатын. XX ғасыр басындағы жазылған туындылар мазмұнына Абайша айтқанда «шығыстық жазу үрдісінің батысқа айналып» бара жатқанын байқауға болатын еді. «Эту особенность в татарской культуре мы предлагаем обозначить термином «мягкий», так как относительно западного модернизма принято использовать термин «твердый модернизм» 1. Британский ученый причиной твердости называет «мягкость» модернизма-авангарда... вмешательство центра, власти, иерархии, которое приводит к «разрыву» с традицией в сознании этнического сообщества. В татарской культуре мы априори можем указать на отсутствие такого вмешательства. Имеются и другие причины для мягкости новых художественных парадигм» [10, 4]. Әрине қазақ жазушылары мен ақындарына бұл ретте татар әдебиетінің ықпалы болғандығы анық.

